




6-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АШЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

# ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ, 1-БӨЛІМ

## Құқықтың табиғаты





Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Құқықтың табиғаты

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

Авторлық құқық иесінің бақылауындағы іс-әрекеттердің біртіндеп ұлғаюы авторлық құқық тарихындағы әрқашан өзекті тақырыптардың бірі. 1709/10 жылдары қабылданған королева Анна статуты кітап авторлары мен иегерлеріне тек сол кітаптарды «басуға, сондай-ақ қайта басуға» ғана құқық берді. Уақыт өте келе авторлық құқық иелерінің монополиясы туындыны көпшілікке таныстыру, туындының «адаптациясы» (мысалы, аударма және әдеби туындылардың драмалық формаға айналдыру), эфирлік хабар тарату (трансляция) және соңғы кездері пайда болған туындының көшірмелерін тарату, прокатқа және жалға беруге авторлық құқық иеленушінің монополиясы едәуір ұлғайды. Авторлық құқық иесі туындының біршама жағдаяттардағы пайдаланылуын қадағалай алады, алайда туындының қолданысы меншік иесінің бақылауынан тыс қалатын бірқатар жағдайлар бар. Мәселен, әдеби туындыға қатысты айтар болсақ, авторлық құқық иесі ішінде өзінің келісімен сатылған төл туындысы бар кітаптың оқылуын, қаралуын, жеке жалға берілуін, сондай-ақ екінші қайтара сатылуын әлі де бақылай алмайды.

Жалпы, авторлық құқық технологиялық өзгерістер сияқты сыртқы қысымдардың салдары ретінде сатылы түрде дамыды. Құқықтың осылай кумулятивтік жолмен дамуы күрделі режимге айналғаны өз алдына, оның салдары қайталаушылыққа әкеліп соқты. Репродукциялау, жалпы жұрт назарына жеткізу және дистрибуциялау құқықтарын үйлестіретін Ақпараттық қоғам туралы директиваның қабылдануы авторлық құқық иесіне тиесілі құқықтардың аясын одан әрі кеңейте түсті.

Қазіргі кезеңде авторлық құқық иелерінің негізгі құқықтары 1988 жылғы Заңның 16-21-баптарында тізімделген. Туындыны осы нормаларда көрсетілген қалыпта қолданған немесе оларды жасауға рұқсат берген кез келген адам авторлық құқықты бұзады (жауапкер авторлық құқық иесінен рұқсатын алған немесе ол іс-әрекетінің дұрыстығын уәжді түрде қорғай алған жағдайдан басқа кезде). Құқықтардың сипаты туындының түріне қарай әркелкі болғанымен, оның қатарына мынадай эксклюзивті (мүліктік) құқықтар кіреді:

- туындыны көшіру (репродукциялау құқығы);
- туындының көшірмелерін жұртшылыққа ұсыну (дистрибуциялау құқығы);
- туындыны прокатқа немесе жалға беру (прокат немесе жалға беру құқығы);
- туындыны жұрт алдында орындау, көрсету немесе ойнау (көпшілік алдында орындау құқығы);
- туындыны көпшілік назарына жеткізу;
- туындының адаптациясын жасау немесе адаптация барысында жоғарыдағы іс-әрекеттердердің кез келгенін жасау (адаптация құқығы); немесе;
- өзге тұлғаларға осы іс-әрекеттердің кез келгенін жасауға рұқсат беру.

Авторлық құқық иелеріне тиесілі құқықтардың кейбіреуі туындының түріне қарай өзгертінін әлгінде айтқанбыз. Атап айтқанда, репродукциялау мен туынды көшірмелерін басып шығару құқықтары барлық туындыларға тән болғанымен, өзге құқықтар олардың кейбіреуіне ғана қолданылады. Мысалы, орындау құқығы бейнелеу өнері туындылары мен типографиялық безендіруден басқа туындылардың барлығына жарамды; ал туындыны жалпы жұрт назарына жеткізу құқығы типографиялық безендіруден басқа барлық туындыларға қолданылады; Адаптация жасау құқығының тек әдеби, драмалық немесе музыкалық туындыларға ғана қатысы бар. Сондықтан авторлық құқық иесіне қандай құқықтар берілетінін 1988 жылғы Заңнан мұқият анықтау қажет.

Қалыптасқан түсінікке сай, 16-21-бөлімдердегі шектеулі іс-әрекеттер абсолютті жауапкершілікпен астасып жатыр. Басқаша айтқанда, құқық бұзушылықты анықтау барысында жауапкердің психикалық жай-күйі (құқықбұзушылықтың субъективті жағы) рөл ойнамайды. Яғни, жауапкердің туынды авторлық құқықпен қорғалғанын немесе оның шағымданушы меншігі екенін білмегені маңызды емес. Тікелей құқықбұзушылықта ең бастысы – жауапкердің шағымданушы туындысын (немесе оның бір бөлшегін) тұтынғанда авторлық құқық иегерінің мүддесіне қайшы әрекетке барғандығы.

Авторлық құқық иелеріне берілген ең көне құқықтық артықшылық – туындының көшірмесін жасау. Аталған құқыққа арнайы компьютерлік бағдарламалар мен дерекқор сондай-ақ жалпы өзге туындылар бойынша ЕО деңгейінде құқықтық үйлестіру жүргізілді. Ақпараттық қоғам туралы директиваның 2-бабы мүше-мемлекеттерден авторларға, фильм продюсерлері мен фонограмма жасаушыларға, сондай-ақ кабельдік және эфирлік хабар тарату ұйымдарына «туындыны кез келген әдіспен немесе кез келген формада, тікелей немесе жанама, уақытша және тұрақты түрде, толықтай немесе жартылай репродукция жасауға рұқсат ететін немесе тыйым салатын эксклюзивті құқық беруін» талап етеді.

Әдеби, драмалық, музыкалық және бейнелеу өнері туындыларын көшіру «туындының кез келген материалдық формадағы репродукциясын жасауды» білдіреді. Еуропалық заңда да «кез келген әдіс пен



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Құқықтың табиғаты

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

формадағы репродукция» деп сипаттайды.

Жалпы, туынды өзгергеніне карамастан әлі де репродукция саналуы үшін белгілі бір шектеулер қойыла ма? Он тоғызыншы ғасырда британдық заң бұны аударма, репродукция сияқты трансформативті акт ретінде қабылдарын не қабылдамасын білмей дағдарып, ақыры соңында эксклюзивті (мүліктік) құқықтың ерекше санаты – адаптациялау құқығын енгізген. Бұдан тіпті «кез келген формада» болса да, репродукция ұғымының өзіндік шектеулері бар екенін байқаймыз. Атап айтқанда, Ұлыбритания соттары құқықбұзушылық ретінде саналуы үшін туынды форма авторлық құқықпен қорғалған туындымен «объективті түрде ұқсас» болуы тиіс деп мәлімдеді. Объективті түрде ұқсастық талабы авторлық құқықты бұзу үшін жауапкер туындысының тиісті бөлігі түпнұсқа туындының толықтай немесе ішінара көрінісі немесе көшірмесі болуға тиіс екенін білдіреді.

Құқықтық үйлестіру кезеңінен бұрын британдық прецеденттік құқық тәжірибесінде «репродукцияның» шектеулері жайында екі қызықты сұрақ туындады. Біріншісі: бір нәрсені арнайы нұсқаулығына сүйеніп жасап шығарғанда сол туындының авторлық құқығы бұзыла ма? Прецеденттік құқыққа сай жауабы – «жоқ»: Мәселен, нұсқаулыққа сай торт пісірген адам рецептің әдеби авторлық құқығын бұзбайды.

Фильмдер мен фонограммаларға қатысты «репродукция» ұғымының анықтама аясы әдеби, драмалық, музыкалық және бейнелеу өнері туындыларына қарағанда анағұрлым тар.

1988 жылғы Заңда трансляцияны «көшіру» жайында түсініктеме мардымсыз берілген. Дегенмен, радиотрансляцияның аудиожазбасын немесе телехабар таралымына бөлігі болып табылатын кез келген бейненің бейнежазбасын жасау (сондай-ақ кез келген телерадиохабар тарату мазмұны, мейлі ол дыбыс жазбасы, фильмдер немесе өзге де туындылардың көшірмесі болсын) трансляцияның репродукциясы саналатыны анық.

«Факсимиле» анықтамасына үлкейту де, кішірейту де кіреді, сондықтан оның репродукциясы репрографиялық көшіру, фотокошірме, цифрлық скандау, факспен жіберу және т.б. әдістермен орындалады. Ал, туындыны өзге шрифтпен қайта теру – типографиялық безендірудің авторлық құқығын бұзбаудың нақты әдісі.

1988 жылғы Заңның (CDPA 1988) 18-бөліміне сәйкес, барлық туынды санаттарының авторлық құқық иелері туындының көшірмелерін жалпы жұрт назарына шығаруға құқылы. Бұл «дистрибуция құқығы» деп аталады.

Заңның 18-бөлімінде туынды көшірме даналарын жалпы жұрт назарына шығару туралы айтылғанмен, Директиваларда бәрібір «дистрибуция» термині қолданылады. Жуырдағы прецеденттік құқықтардың бірінде Еуропа соты аталған ұғымды өте кең мағынасында қолдану үрдісін байқатты.

Дәстүрлі қағидаттарға сәйкес, адам тек өз әрекеттері үшін ғана жауапты. Осы себепті, Donner ісінде Сот: сатушы «жұртшылыққа таратуға» түрткі болған өзінің немесе оның атынан жасалған кез келген іс-әрекет үшін жауапкершілік жүктейді» деп мәлімдеді. Сатушы межелі мемлекеттегі тұтынушыға өнім жеткізуді әдейі көздегенде, үшінші тараптың әр қимыл-қаракеті «оның атымен байланыстырылады», сондықтан ол үшінші тараптың әр басқан қадамынан хабардар болуы тиіс.

Дистрибуция құқығы Еуропалық Экономикалық кеңістіктегі (ЕЕА) таралымнан кейін сарқылады. Сәйкесінше, туындының көшірме данасы заңды түрде Нидерланды нарығына шығарылып, содан соң Біріккен Корольдікке импортталып, сол жақта сатылса, соңғы мемлекеттегі импорттау мен сатылым басып шығару құқығын бұзбайды (немесе қайталама құқықбұзушылыққа жатпайды).

Бірақ, «импорттау» дистрибуцияға жатама ма? Импорттау кезінде міндетті түрде меншік иесі ауыспайды, сондықтан бұл Peek & Cloppenburg ісіндегі ұсынылған «дистрибуция» анықтамасының аясынан тысқары қалады. Сот, сәйкесінше, «дистрибуцияны қабылдаушы мемлекетте заңсыз болған жағдайда тауарды импорттау да заңсыз» деген пікір білдірді.

Жалға беру дегеніміз – «туындының көшірмесін міндетті түрде қайтарылатындай немесе қайтарылуы мүмкін болатындай шартпен, сондай-ақ тікелей және жанама экономикалық және коммерциялық пайда табуы көздемей, «көпшілікке ашық орындар арқылы қолжетімді ету.

Прокат пен жалға беруге функционалдық жағынан балама өзге технологиялық орта тұрғысынан интерпретация жасалуы құп, прокат пен жалға берудің ара жігін алшақтатуға ұмтылыс таңғалдырады. Біріншіден, прокат пен жалға беру құқығын енгізген директива 1992 жылы, яғни ДИМҰ Авторлық құқық жөніндегі шарты жасалған 1996 жылғы дипломатиялық конференциядан бірнеше жыл бұрын қабылданғаны мәлім. Бір қызығы, «прокат» терминінің мағынасы аталған Шартқа сәйкес анықталуы қажет. Екіншіден, ДИМҰ Авторлық құқық жөніндегі шарты ең төменгі стандарттарды бекітеді: оған сәйкес, келісімшарт жасаушы тараптың прокат шартын цифрлық прокатқа кеңейтуіне шек қойылмайды.



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Құқықтың табиғаты

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

Құқық иеленушіге тиісілі төртінші құқық – туындыны көпшілі алдында орындау құқығы (1988 жылғы Авторлық құқық, Дизайн және Патент туралы заң, 19-бөлім). Әдетте «орындаушылық құқығы» деген атаумен белгілі бұл құқық алғаш рет 1833 жылғы статутқа драмалық туындыға авторлық құқық иегерлерінің мүддесін қорғау мақсатында енгізілді.

Фильм көрсету немесе музыкалық автоматты ойнатуды (Ұлыбритания заңының 19 (2) (b) және (3) бөлімінде анық қамтылған) еуропалық түсінік тұрғысынан «көпшілік алдындағы орындау» ретінде таныла ма, әлде «жалпы жұрт назарына жеткізу» санала ма – ол жағы әлі нақтылауды қажет етеді. Біздің ойымызша, Еуропа сотының құқықтық үйлестіруді тереңдете түсуге бейілін ескерсек, көпшілік алдында орындау жөніндегі үйлестірілмеген құқық тек жанды дауыстағы орындауларға қатысты қолданылады деп түсіндіреді. Әйтсе де, тіпті осы қорытындының өзі ауытқушылықтар туындатады.

Құқықбұзушылық тіркелуі үшін туынды «көпшілік алдында» орындалуы тиіс. Туындының көпшілік алдында орындалып жатқанын анық көрсететін бірқатар жағдайды атауға болады.: Брикстон Академиясындағы, Корольдық Альберт Холлдағы, Уест Энд театрындағы немесе трактирлардағы орындаушылық, әдетте, көпшілік алдында өнер көрсету ретінде танылады.

Кейбір жағдайларда «көпшілік» ұғымын «аудитория сипатына» қарай түсінеміз. Осы тұрғыдан алғанда, қалың жұртшылық (өнерді көруден өзге ортақ ештеңесі жоқ) пен жеке немесе іштей өзара байланыстары бар адамдар тобының арасындағы жер мен көктей айырмашылық бар.

Туындының көпшілік алдында орындалғанын анықтауға кейде көмектесетін тағы бір критерий - оның ақша табу ниетімен жасалғаны. Пайда табу мақсатымен өнер көрсету «көпшілік алдындағы орындаушылық» саналуы әбден мүмкін.

Аталған үш критерийдің өзара байланысының дүдәмал белгісіз тұстары болғанымен, тарихи тұрғыдан «көпшілік» ұғымы авторлық құқық иесіне мейлінше артықшылық беру үшін өте кең мағынада анықталғаны аңғарылады.